Аталған жұмыстарға жұмсалған қаражат көлемі – 2 295 000,00 (екі миллион екі жүз тоқсан бес мың) теңге. Жөндеу жұмыстары «ҚАЙСАР» ЖШС және «MS Stroy Group Kz» мердігер ұйымдарымен жасалған келісімшарттар негізінде

орындалды. Сонымен қатар, осы келісімшарт шеңберінде мектеп ғимаратының екі қабатты терезелерін ауыстыру бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстарға жұмсалған қаражат көлемі – 996 808,96 (тоғыз жүз тоқсан алты мың сегіз жүз сегіз теңге 96 тиын).

2025 жылдың тамыз айында «Мердігер/Орындаушы» Омарова К.Т. келісімшарт негізінде мектептің жұмсақ шатырын ағымдағы жөндеуден өткізді. Аталған жұмысқа жұмсалған қаражат көлемі – 1 740 000,00 (бір миллион жеті жүз қырық мың) теңге.

Мектеп ғимаратының кіреберіс есік алдына білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы турникет орнатылған. Ағымдағы жылы турникет жүйесіне ай сайын техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын «ИП KAZCOD» фирмасы жүзеге асырып келеді.

2024 жылдың ақпан айынан бастап А.Макаренко атындағы мектеп ғимаратын тәулік бойы күзетуін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметін "АЗАМАТ" ЖШС" келісім-шарт № 61 31.01.2025жыл күзет фирмасы атқарады. Мектеп ғимаратында 43 цифрлық бейнебақылау камералары орналасқан оның ішінде, 13 бейне камера сыртта орнатылған, мектеп ауласын периметр бойынша үнемі бақылауда ұстайды, ал 29-ығимараттың ішінде орналасқан . 2023 жылы қыркүйек айынан бастап ИМ Жедел басқару орталықтарына қосылды.. Бейнебақылау камераларының ай сайынғы қызмет көрсету ИП Старосадчева Ивета Петровнада. Дабыл түймесі 2023 жылдың мамыр айнан бастап жұмыс істейді. Ай сайынғы қызмет көрсету "ҰҰР-Сақшы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құзыретінде. Бейнебақылау және дабыл түймесі орталықтандырылған және жедел басқару пультіне қосылған.

Мектептің материалдық техникалық базасы білім беру стандартына сай оқу бағдарламасында қарастырылған жоспарды орындауға толық мүмкіндік жасалған.

Әр оқу жылында жергілікті және облыс бюджеттерінен мектепке бөлінген қаржы қоры:

Қамтылуы	2024-2025 о.ж.
Бөлінгені	139 608,00 млн. тг
Еңбек ақы,коммуналдық қызмет,спорттауарлары,канцелярлықтауар,шаруашылықзаттар,жөндеужұмыстары,электртауарлары т.б.	

Мектептің жылу жүйесі Ашутасты ауылының МКК «АТЭК» қазандығы мен орталықтандырылған. Мектептің жылыту мерзімі 14 қазан айынан басталып, сәуір айының 20 аяқталды . Жылыту кезеңінде ауаның температурасы

"Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26831 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-15 бұйрығы) сәйкес айқындалған. Мектептің орташа ауа температурасы +20.

Су тәртібі 2024 жылы оқушыларға арнайы 2 (екі) дана су бұрқағы орнатылды. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін мектеп басшысының бұйрығымен жауапты адам бақылап отырды. 2024 жылдың қаңтар айынан бастап мектебіміздің түлегі демеушілік етіп, өз есебінен су сүзгісін (фильтр) орнатып берді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мектепте болатын барлық уақыты ішінде олардың ауыз суға еркін қолжетімдігі қамтамасыз етілген. Бастауыш сыныптары толығымен жеке киім ілетін шкафтары мен толықтай қамтамасыз етілді. Орта буын және жоғары сынып оқушыларына жеткілікті арнайы киім ілгіштер орналастырылған бөлме бар.

Электр - су жүйесі орталықтандырылған, канализация (септик) жүйесі бар. Ай сайын канализация (септик) жүйесін уақытылы ЖШ "ЛАНЕРЕС" келісім-шарт бойынша тазартылады.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығына байланысты мектепте автоматтандырылған өртке қарсы хабар беру дабыл жүйесі бар және «Шығу» атты таблосы мен бағытталған белгілер мен көрсетілген 9(тоғыз) қосымша шығу есіктер мен жабдықталған. Мектептің екі қабатында да эвакуация жоспары жасалынып, педагог қызметкерлер мен білім алушыларға қолжетімді жерде орналастырылған.

Ғимаратың өртке қарсы қорғау жүйелері мен техникалық құралдарының (өрт сигнализациясы және өрт сөндіру қондырғыларының, түтіннен қорғау, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялау жүйелерінің және қол өрт сөндіргіштерінің) тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін мектеп басшысының бұйрығымен өртке қарсы қорғау жүйелерін үздіксіз пайдалануды, бастапқы өрт сөндіру құралдарын үнемі талапқа сай болуын қадағалап, техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы, алдын-ала жөндеуді уақтылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз ететін адам тағайындалды. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қостанай облысының төтенше жағдайлар департаменті Арқалық қаласының төтенше жағдайлар басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің 22 сәуір 2025 жылы бұзушылық анықталмағаны туралы тексеру нәтижелері туралы актісі бар.

Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы туралы мәліметтер:

Мектепте барлығы 26 оқу кабинеті бар, оның ішінде:

- 5 – бастауыш сынып кабинеті;
- 1. №6 музыка кабинетінің жабдықтары оқушыларға арналған парталары мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, жазу тақтасы, жартылай ашық кітап сөресі, акустикалық пианино, сандық синтезатор, баян, домбыра, ноталық белгілері бар карточкалар жиыны, пластик негіздегі қабырға стендтері бар. Электрондық оқу басылымдарының жиыны, оның ішінде компьютерлік музыкалық бағдарламалар, музыка теориясы бойынша әдебиет, үлестірме материал, фонограммалар жинағы, ноталық материалдары бар.
- 1. №31 Алғашқы әскери дайындық кабинетінің оқу жабдықтары маркер мен бор мен жазатын бес элементті құрама тақта, компьютерге арналған жалғамасы бар оқытушы үселі, Тәуліктік кезекшінің орны (тубочка және

тұғырық), бір орынды оқушылар үселі мен орындығы, өрт сөндіргі, газ тұтқыларды және әскери-техникалық мүлікті сақтауға арналған сөре, бірлік қару-жарақты сақтауға арналған шкаф(стелаж), АӘД кабинетіне арналған қабырға стендтері , азаматтық қорғаныс, тіршілік қауіпсіздігі негіздері және ақпараттық технологиялық бойынша плакаттар жиыны , жол қозғалысы ережелері бойынша плакаттар жиыны, әскери робототехника негіздері бойынша плакаттар жинағы , рота бойынша кезекші мен тәуліктік кезекшінің құжаттамасы бар тақта , әскери-техникалық мүлік , жеке таңу пакеті , әскери компас, жаяу әскер шағын күрекшесі, ағаш автоматтың макеті , калашников автоматының масса-ауқымды макет, пневматикалық винтовка , жалпы әскери қорғаныс жиыны , үшкіл орамалды таңғыш , азаматтық газтұтқы , сүзгілегіш газтұтқы, санитарлық сөмке , жиындағы сигналдық жалаушалар , медициналық м/м халат , тасымалдағыш серпімді таңғышқалық , оқу құралдары . Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларының жиыны. Бастапқы әскери даярлық бойынша электрондық оқу басылымдары , қосымша жабдық керек-жарақтары бар, дәрі-дәрмек қобдишасы мен жабдықталған.

Аталған мектебімізде 2- оқу-зертханалық бөлмесі бар:

- ғылыми зертхана – 1;
- химия зертханасы – 1;

Оқу-өндірістік шеберханалар, оқу-тәжірибелік учаскелер, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары:

- Ер балаларға арналған технология кабинеті – 1;
- Қыз балаларға арналған технология кабинеті – 1;
- Оқу-тәжірибелік учаскелер- 2,
- Алғашқы әскери дайындық құрал сайман сақтау қоймасы -1;
- Жасанды жабындысы бар футбол алаңы -1
- Қоршалған шағын-баскетбол алаңы -1

А Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебін жабдықтар және жиһаздармен қамтамасыз ету мақсатында Биология пәні бойынша тәжірибелерге арналған зерітхана жабдықтары мен ботаника саласы бойынша үлгілер жетіспейтіні туралы қолдау хат берілді. Қолдау хат негізінде биология кабинетіне керек Биология пәні бойынша тәжірибелерге арналған зерітхана жабдықтары мен ботаника саласы бойынша үлгілермен толықтырылды.

Қайырымдылық жобасын іске асыру аясында «QH – Қостанай облысының шағын жинақты мектептерінің әлеуетін арттыру» жобасы бойынша «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Арқалық қаласы білім бөлімінің А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-не құны 27 851 353,00 (жиырма жеті миллион сегіз жүз елубір мың үш жүз елу үш) теңге болатын Цифырлық және Ғылым екі кабинеті берілді.

Цифырлық кабинетінің жабдықтары:

Оқушылар партасы мен , полипропилен орындық, қосалқы тумбасы бар мұғалім үстелі мен қолтірегі бар кресло , магнитті-маркерлі тақта жазу тақтасы, интерактивті панель, принтр, ноутбук Asus, , желілік сүзг, Arduino үшін 37 датчик жиынтығы, Arduino үшін кеңейтілген білім беру жиынтығы, VinciBot роботы (Creatorkit құрылымдарын кеңейту жиынтығымен, 3-in-1 Smart Sports олимпиадалық робототехника жиынтығы, робототехника бойынша Pro set білім беру жиынтығы, кітаптар сөресі мен материалдар жинағы, қауіпсіздік техникасы ережелер қабырға плакаты,

репродукпен қоқыс жәшігі, өрт сөндіргіш құралы, интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар мұғалімге арналған Asus моноблогымен жабдықталған.

Ғылым кабинетінің жабдықтары:

Оқушылар партасы мен , полипропилен орындық, қосалқы тумбасы бар мұғалім үстелі мен қолтірегі бар кресло , магнитті-маркерлі тақта жазу тақтасы, интерактивті панель, принтр модульдік қабырға жүйесі, моноблок, үздіксіз қуат көзі, демонстрациялық үстел, сөре жиынтығы, тартпа шкаф, металл сөре, мобильдік лабораториялық жуғыш, сорғыш шкафымен, құралдарымен аптечка, пластик лоток жабылатын 35 л, пластик лоток жабылатын 36 л, мұғалімге арналған құралдар, интерактивтік нейрон моделі, «Атмосфералық қысым» моделі, «Толқындар» моделі, «Дыбыс» моделі, «Оптика» моделі, «Электр тоғы» моделі, «Электростатика» моделі, №1 ВС «Қышқылдар» жинағы, №3 ВС «Сілтілер» жинағы, №6 ВС «Органикалық заттар» жинағы, №7 ВС «Минералды тыңайтқыштар» жинағы, №8 ВС «Иониттер» жинағы, №9 ВС «Бейорганикалық заттардың түзілуі» жинағы, №11 ВС «Тұздар демонстрация жасау үшін» жинағы, №12 ВС «Бейорганикалық заттар » жинағы, №13 ВС «Галогенидтер» жинағы, №14 ВС «Сульфаттар, сульфиттер» жинағы, №16 ВС «Металл оксидтері» жинағы, №17 ВС «Нитраттар» жинағы, №18 ВС «Хром қосылыстары» жинағы, №19 ВС «Марганец қосылыстары» жинағы, №20 ВС «Қышқылдар» жинағы, №21 ВС «Бейорганикалық қосылыстар» жинағы, №22 ВС «Индикаторлар» жинағы, №24 ВС «Сілтілік және сілтілік жер металдары» жинағы, «Координата осі» комплектісі, Батареялық бөлім, Демонстрациялық модуль , "Сымсыз энергия берілісі", Микрофондық-телефондық гарнитура Defender Gryphon 750, Суды дистельдеуге арналған аппарат, 200 г таразы, 5 дана сызба құралдарының жинағы, Көрсетілім жұмыстары үшін зертханалық ыдыс-аяқтар мен бұйымдар жинағы, Электрлік плитка, Әмбебап штатив, Микропрепараттар айындау жинақтары, Электрлік жарығы бар микроскоп Адамның дене құрылымының анатомиясы моделі, Барометр-анероид, Психометриялық гигрометр, Демонстрациялық қуат көзі, U-тәрізді демонстрациялық магнит, Жолақты демонстрациялық магнит, Демонстрациялық сұйық монометрі, 5 шардан құралған жинақ, Баллистикалық пистолет, Темір тәрізді ұнтақ (250 г), Демонстрациялық құйғыш стаканы 450 мл, Паскаль шары, Электрлік плиткасыз су баясы, Колбожылытқыш 500 мл, Жинағында 10 кристалдық тор, «Минералдар және тау жыныстары» коллекциясы «Мұнай және оның өнімдері» коллекциясы, «Металдар» коллекциясы, Физикалық жер глобусы 320 мм, Демонстрациялық флюгер, «Множества» аппликация моделі, «Сан түзулігі» аппликация моделі, Геометриялық фигуралар жиынтығы, Геометриялық денелер жиынтығы, Түсті геометриялық фигуралар жиынтығы, 8*2 дана 7 см LER0921, Үлестірмелі геометриялық фигуралар жиынтығы, Қауіпсіздік техника ережелері стенді, Металдардың электрохимиялық кернеу қатары стенді – 240 x40 см, Д.И.Менделеев жасаған химиялық элементтердің периодтық жүйесі стенді – 140 x 100 см, Тұздардың, қышқылдардың және негіздердің суда еруі стенді – 140 x 100 см, Электромагниттік толқын шкаласы стенді – 240x40 см, лабораториялық жұмысқа арналған химиялық ыдыстар жиынтығы, химияға лабораториялық штатив, Лупа, Оқушыға арналған микроскоп, Анатомиядан микропрепараттар жинағы, Ботаникадан микропрепараттар жинағы, Зоологиядан микропрепараттар жинағы, Жалпы биологиядан микропрепараттар жинағы, Лабораториялық амперметр, Лабораториялық вольтметр, Бір жолақты зертханалық қосқыш, Лабораториялық динометр, Лабораториялық жолақ шарикпен Калориметр, 100 С сулы термометр, Лабораториялық блоктар жиынтығы 10 дана қосқыш сымдар жинағы, Шағын шам 3,5 V E10/13, Лабораториялық

шам ұстағыш, U-тәрізді лабораториялық магнит, Лабораториялық жолақты жұп магниті, Электр қозғалтқышының лабораториялық моделі, Ішінде ілгектері бар жүктер жинағы, алориметриялық дене жинағы, Өртүрлі сұйықтықпен серіппелер жиынтығы, Реостат, Лабораториялық рычаг-сызғыш, Штативке магниттік көрсеткіштер, Лабораториялық трибометр, Газ алу құралдары, Мұғалім мен оқушыға арналған бейорганика және органика бойынша жинақтар, Компас, Курвиметр, Қорғау, көзілдіріктері, Химиялық төзімді қорғаныш қолғаптар, Медициналық халаттар мен жабдықталған.

Аталған кабинеттер 2025 оқу жылының қыркүйек айынан бастап қолданысқа енгізілді.

А Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебіне 2025 жылдың мамыр айында 1 (бір) дана интерактивті панель, 1 (бір) дана тоңазытқыш қолданылуға берілді.

2025 жылдың қараша айында арнайы Робототехника кабинеті қолданысқа беріледі.

Қазақстан ратификациялаған мүмкіндіктері шектеулі адам құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес мүгедектердің көлікке, ақпаратқа және байланысқа, соның ішінде қалалық және ауылдық аудандарда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жүйелерге басқалармен тең дәрежеде қол жеткізілуін қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылданады.

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" ҚР Заңындағы ең маңызды нормалардың бірі мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне, коммуникациялар мен ақпаратқа қол жеткізілуін қамтамасыз етуді регламенттейтін талаптар болып табылады.

Мектеп ғимаратына кіре берістегі пандус халықтың шағын топтары объектісінің қолжетімділігіне қойылатын талаптарға сәйкес:

1. Құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес пандус;
2. 2,5 м × 2,5 м пандусы бар кіру алаңының өлшемдері;
3. Демалуға және күтуге жеткілікті орын бар;
4. Пандустың екі жағында тұтқалар орнатылған;
5. Пандустағы тұтқалар 0,7 және 0,9 м екі деңгейде орналасқан; көлденең аяқталуы жоғарғы және төменгі жағында, жарақатсыз аяқталуы бар;
6. Мүгедектерге арналған екі есікті есіктің ені 2,4 м;
7. Жалпы қолданыстағы санитарлық тораптың өлшемдері бар әмбебап кабинасы бар: ені - 1,65 м, тереңдігі - 2,5 м. кабинада дәретхананың жанында киім, балдақ және басқа керек - жарақаттарға арналған ілгектер, санитарлық торапқа арналған тұтқалар орналасқан; раковина мен дәретхананың жанында жеткілікті алаң - мүгедектер арбасына арналған аймақ бар.
8. Баспалдақ маршының алдындағы жолдардағы еден учаскелері марштың бүкіл еніне қарама-қарсы боялған бетке ие.
9. Көру бойынша шектеулері бар адамдардың қозғалыс жолдарында қозғалыс жолдарының бедерлі тактильді белгілері
10. көзделген, есіктердің мөлдір төсемінде жарқын контрастты таңбалау көзделген;
11. Қоңырау түймесі орнатылды. Сондай-ақ, мектеп ғимаратына кіре берісте барлық жұмыс уақытында арнайы

- күзет қызметкері болады.
12. Сыртқы баспалдақтың сырғанамайтын жабыны бар. Бірінші және соңғы сатыдағы контрасты бояу бар;
 13. Мектеп ғимаратына кіре берісте қол жетімділік белгілері орналасқан;
 14. Визуалды ақпарат құралдары бар: жазулар, көрсеткіштер және пиктограммалар;
 15. Қоңырау түймесі орнатылған.
 16. МГН үшін объект элементтерінің қолжетімділігі ("Д" - қолжетімді, " сағ "- ішінара қолжетімді, " Н " - қолжетімсіз)- үй-жайдақозғалыс жолдары

№	Объект элементтерінің атауы	Мүгедектер санаттары			
		К	О	З	С
1	Кіру тобы	д	д	д	д
2	Қозғалыс жолдары	ч	ч	д	д
3	Қызмет көрсету аймағы	ч	ч	д	д
4	Санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар	д	д	д	д
5	Ақпарат және телекоммуникация құралдары	д	д	ч	ч
6	Объектінің аумағы	ч	д	д	д

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының

«Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне «Биология», «Физика», «Психолог» кабинеттеріне Ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының МТБ ны жаңа бастамаларға нығайту жөніндегі ақпаратта өтінім 2026 жылға берілді.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

1) Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер:

Қазіргі кезеңде мәдениет саласында адамдардың өскелең талабын қанағаттандыруға, рухани байлығын, жалпы қабілетін дамытуға, жоғары эстетикалық талағамын қалыптастыруға тиісті болса, бұл міндеттерді іске асыруда мектеп кітапханаларының алатын орны ерекше.

Қазақстанда кітапхана ісін дамуы еліміздегі мәдени құрылыстың жарқын беттері болып табылады. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің кітапханасы оқу үдерісімен ғылымизерттеулерге әдеби кітаптар және ақпараттық құралдармен қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі, сонымен қатар білім беру, рухани және зияткерлік қарым-қатынаспен мәдениетті тарату орталығы болып табылады. Кітапхана өз қызметінің негізгі әдістемелік тақырыбына, оқушыныңтарында, даму бағыттарына және тәрбиелік мақсаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Кітапхана, оқу залы менабонемент мектептің бірінші қабатында орналасқан. Кітапхананың жалпы көлемі – 80,6 ш.м. Оқырмандарға арналған 15 үстел, 15 орындық бар. Кітапханада бір қызметкер жұмыс жасайды. Кітапхана меңгерушісі – Илебаева Б.М. Кітапхана мектеп директоры бекіткен жұмыс жоспары бойынша жұмыс жасайды. Кітапхана үшін жылдық жұмыс жоспары негізгі және міндетті болып табылады. Кітапхана мен кітапханашылар қызметі жұмыстың мазмұнын анықтайтын нақты міндеттерге бағытталған. Мектеп кітапханасы жұмысының негізгі

міндеттері – бұл білім беру процесіне қатысушыларды – білім алушылармен мұғалімдерді кітапханалық-ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы ақпаратқа қолжеткізу мен қамтамасыз ету болып табылады. Кітапхана іс-шаралары, көрме жұмысы және басқа да жұмыстар арқылы оқу-тәрбие үрдісіне ықпал етеді. Кітапханашылар дәстүрлі ақпарат көздерімен қатар, жаңа әдебиеттерге бейне-шолу жасайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «19» қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидалары бойынша жалпы мынадай ережелерді қамтиды:

а) кітапхана қорын қалыптастыру, қорды құру, ұдайы жаңарту, дамыту және оны жұмыс бабында ұстау;

ә) кітапхана қорын үлгілеу жөніндегі барлық технологиялық процестердің жиынтық ұғымы, білім беру қызметіне асыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарына қаратқан ресурстарымен қамтамасыз ету.

б) кітапхана қорын атүскен құжаттарды есепке алу, оларды тұрақты, ұзақ және уақытша сақтау құжаттарына

1) бірінші бөлім – «Қорға түскен түсім»;

2) екінші бөлім – «Қордан шығару»;

3) үшінші бөлім – «Қордың қозғалысының қорытындылары».

Кітапхананың кітап қорының сақталуына қамтамасыз ету мақсатында құжаттарды жиынтық және жеке есепке алу жүзеге асырылады.

Кітапхана қызметкерлері белгіленген қорды есепке алу, сақтау және пайдалану ережелерін сақтауға міндетті және осы ережелерді бұзғаны үшін жауап береді.

Кітапхананың төл құжаты, кітапхананы пайдалану ережесі және жұмыс кестесі бар. Бухгалтерлік есеппен есеп беру мектеп кітапханаларының жұмысын ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік ұсыныстар нысандарына сәйкес жүзеге асырылады. Мектеп кітапханасына ғаламтор желісіне қосылған, балалармен мұғалімдердің жұмыс істеуіне 1 компьютер бар. Оқушылар оқыған көркем әдебиеттерінегізінде буктрейлерлер, видеороликтер жасайды. Оқушылармен онлайн-көрмелер, көркем сөз оқучеленджері ұйымдастырылады. Кітапхананың 2024-2025 оқу жылында жұмыс көрсеткіші: оқырман саны-200, бір жыл ішіндегі келу саны-2000, берілген кітап саны-4450, қордың кітаппен қамтылуы бірадамғашақанда-21

	<p>Кітапхананың негізгі жұмыскөрсеткіші</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) бірінші бөлім – «Қорғатүскентүсім»; 2) екінші бөлім – «Қордан шығару»; 3) үшінші бөлім – «Қордың қозғалысының қорытындылары». <p>Кітапхананың кітап қорының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында құжаттарды жиынтық және жеке есепке алу жүзеге асырылады.</p> <p>Кітапхана қызметкерлері белгіленген қорды есепке алу, сақтау және пайдалану ережелерін сақтауға міндетті және осы ережелерді бұзғаны үшін жауап береді.</p> <p>Кітапхананың төлқұжаты, кітапхананы пайдалану ережесі және жұмыс кестесі бар. Бухгалтерлік есеппен есеп беру мектеп кітапханаларының жұмысын ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік ұсыныстар нысандарына сәйкес жүзеге асырылады. Мектеп кітапханасына ғаламтор желісіне қосылған, балалар мен мұғалімдердің жұмыс істеуіне 1 компьютер бар. Оқушылар оқыған көркем әдебиеттеріне ізінде буктрейлерлер, видеороликтер жасайды. Оқушылармен онлайн-көрмелер, көркем сөз оқучеленджері ұйымдастырылады. Кітапхананың 2024-2025 оқу жылында жұмыскөрсеткіші: оқырман саны-200, бір жыл ішіндегі келу саны-2000, берілген кітап саны-4450, қордың кітап пен қамтылуы бірадамғашақанда-21</p>
--	---

			<p>Кітапхананың негізгі жұмыс көрсеткіші 2024-2025 оқу жылында оқулықтың -17612 болып табылады.</p> <p>Мектеп қорындағы оқулықтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> 11-сыныптар -2020 жылғы басылым; <input type="checkbox"/> 4,9,10-сыныптар- 2019 жылғы басылым; <input type="checkbox"/> 3,6,8–сыныптар-2018 жылғы басылым; <input type="checkbox"/> 5,7-сыныптар- 2017 жылғы басылым; <input type="checkbox"/> 1-сынып 2021 жылғы; <input type="checkbox"/> 2-сынып 2022 жылғы басылым мен оқиды. <p>Сыныптарға берілген оқулықтар тізімделіп, «Оқулық беру дітіркеу» журналына тіркелген. Оқулықтар қорының сақталуы туралы педкеңестер мен директор жанындағы отырыстарда, ата-мәлімет жасап отырады. Кітапхананың негізгі қоры-15083, оның ішінде мемлекеттік тілдегік Оқулықтар мен негізгі кітап қорына жұмсалынған қаржы көлемі</p> <p>2024-2025 оқу жылдары 3-сыныпқа қосымша оқулықтар алынды. 92 дана, сомма 202992 теңге, көркем әдебиеттің негізгі қоры- 161 дана, соммасы 650533 теңге. Барлығы 451 дана, соммасы 1546247 тг құрайды.</p> <p>Кітапхана қоры әмбебап, көп салалы болып келеді. Қор ББК бойынша сараланып, бастапқы әртүрлі тақырып бойынша орналасқан. Оқулықтар сыныптар бойынша қойылған.</p> <p>Кітапханадағы кітап қорының салалық құрамы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> жаратылыстану ғылымдары-435 дана; <input type="checkbox"/> техника ғылымдары-141 дана; <input type="checkbox"/> ауыл және орман шаруашылығы-72 дана; <input type="checkbox"/> денсаулық сақтау-медицина-45 дана;
--	--	--	---

- мәдениеттану ғылымдары-419 дана;
- әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-3233 дана;
- педагогикалық ғылымдар-5351 дана;
- тіл және әдебиет-1545 дана;
- көркем әдебиеттер-3681 дана.

Барлығы-14922 дана.

Уақыт талабына сай кітапхана ісіне, қоғамдық кітапхана қпаратқа барларға дегента лапартып отырғандықтан, соған сай кітапхана өз жұмысын атқарып отыр.

Жас ұрпақтың санасын датуға халқына деген құрметпен мақтаншы сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт-дәстүріне аялай, ардақтай білуде тәрбиелеу кітаптың еншісінде. Кітапхана кішкентай болғанымен, атқарар қызметі үлкен. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жазғызып алып отырады, білімдерін толықтырады. Бұл орында оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Жоспарға сәйкес іс-шаралар, кітап көрмелері жүйелі өткізіліп тұрады.

Бүгінде балаларға арналған көркем әдебиеттер мен гимназия кітапханасының қоры одан әрі де жиі толықтырылып отырса деген үміттеміз.

2)

Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер:

Мектептің оқу процесінде ақпараттық ресурстарды пайдалану қолжетімді. Ақпараттық технологиялар оқу үрдісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұтымды ұйымдастыруға, оқушылардың интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін, олардың жаңа білімді өз бетінше алу қабілетін дамытуға, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Бұл мәселені шешу үшін мектепте қажетті ақпараттық-техникалық ресурстар бар.

Мектепте 120 бірлік компьютерлік техника, 25 ноутбук бар. Оның ішінде ИНТЕРНЕТ желісіне қосылған -94 компьютер.

Мектептегі интернет желісін «Қазақтелеком» АҚ қамтамасыз етеді. Интернеттің жылдамдығы – 8 мб/с. Мектебімізде оптикалық талшықты тарату құралы (ОТТҚ) 2020 жылы қосылды. Жылдамдығы 10 мб.

7. Білім алушылардың білімін бағалау

1) ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері):

Білім алушылардың дайындық деңгейіне критерийлер:

Барлығы: 168 оқушы 2024-2025 оқу жылын аяқтады.

№	Сынып	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділер	Үлгермеушілер	сапа %	үлгерім %
1	1–4	57	7	15	0	61 %	100%
2	5–9	88	13	43	0	64 %	100%
3	10–11	23	0	14	0	61 %	100%
Барлығы	1–11	168	20	72	0	62,5 %	100%

№	Сынып	1-тоқсан сапа %	2-тоқсан сапа %	3-тоқсан сапа %	4-тоқсан сапа %	үлгерім %	динамика
1	2–4	58,3%	55,5%	61 %	61 %	100%	+2,7
2	5–9	58,2%	60%	64 %	64 %	100%	+5,8
3	10–11	56,5%	61%	61 %	61 %	100%	+4,5
Барлығы	2–11	58 %	59%	62,8 %	62,5 %	100%	+4,5

Аттестатталмаған оқушы жоқ.

үздіктер – **20** оқушы;
 екпінділер – **72** оқушы;
 сапа – **62,5%**;
 оқу үлгерімі – **100%**.

2-11 сынып білім алушыларының 2024-2025 оқу жылындағы білім сапасының салыстырмалы қорытындысы

2024-2025 оқу жылындағы пән бойынша білім сапасы

Пән атаулары	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
Қазақ тілі	67	68	75	71
Қазақ әдебиеті	73	75	79	79
Орыс тілі	65	67	70	79
Орыс әдебиеті	72	64	72	80
Қазақ тілі және әдебиеті	64	64	68	68
Орыс тілі және әдебиеті	78	77	78	80
Әдебиеттік оқу	72	75	69	78
Ағылшын тілі	69	68	69	69
Қазақстан тарихы	73	70	71	75
Дүние жүзі тарихы		71		76
Құқық негізі		75		83
Математика	69	70	69	70
Алгебра және анализ бастамалары	61	61	61	61
Алгебра	59	61		64
Геометрия	61	62	63	64
Жаратылыстану	74	75	76	78
География	65	65	67	70
Биология	67	69	69	76
Химия	65	62	66	63
Физика	58	62	63	64
Информатика	64	77	73	80

Жалпы талдау нәтижесінде оқу жылының соңында көптеген пәндер бойынша оң динамика байқалады. Бірқатар пәндерде оқушылардың білім сапасы тоқсан сайын біртіндеп өсіп отырған. Оң динамика байқалған пәндер:

- Құқық негіздері: 75% → 83% (+8%)
- Информатика: 64% → 80% (+16%)
- Физика: 58% → 64% (+6%)
- Орыс тілі: 65% → 79% (+14%)

- Орыс әдебиеті: 72% → 80% (+8%)
- Қазақ әдебиеті: 73% → 79% (+6%)
- Биология: 67% → 76% (+9%)
- География: 65% → 70% (+5%)
- Дүниежүзі тарихы: 71% → 76% (+5%)
- Жаратылыстану: 74% → 78% (+4%)

Бұл пәндерде оқушылардың қызығушылығы мен нәтижелері артқан, яғни пән мұғалімдерінің әдістемелік жұмысы мен оқыту тәсілдері тиімді болғанын көрсетеді.

Тұрақты нәтиже сақталған пәндер:

- Қазақ тілі: 67% → 71%
- Математика: 69% → 70%
- Ағылшын тілі: 69% → 69%

Бұл пәндерде білім сапасы бір деңгейде сақталғанымен, айтарлықтай өсім байқалмайды.

Кері динамика немесе баяу өсу байқалған пәндер:

- Химия: 65% → 63% (-2%)
- Алгебра және анализ: өзгеріссіз – 61%

Бұл пәндерде оқушылардың үлгерімін арттыру үшін қосымша әдістемелік қолдау мен оқыту тәсілдерін жаңарту қажет.

2024-2025 оқу жылындағы 2-11 сынып бойынша білім сапасы

Сыныптар	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2-сынып	60	60	60	60
3-сынып	56	50	56	56
4-сынып	60	60	70	70
5-сынып	67	67	75	73
6-сынып	63	63	63	63
7-сынып	47	47	47	47
8-сынып	50	50	56	56
9-сынып	63	68	73	73
10-сынып	50	60	60	60
11-сынып	62	62	62	62
жалпы	58%	59%	62,5%	62,5%

Жалпы мектеп бойынша білім сапасы:

- 1-тоқсанда – 58%,
- 2-тоқсанда – 59%,
- 3-тоқсанда – 62,5%,
- 4-тоқсанда – 62,5%.

Яғни, оқу жылы соңында білім сапасы 4,5%-ға өскен. Бұл – оқушылардың оқу жетістіктерінде тұрақты оң динамика бар екенін дәлелдейді.

Сыныптар бойынша талдау

- Ең жоғары өсім 4-сыныпта байқалады: 60%-дан 70%-ға дейін (+10%). Бұл бастауыш буынның нәтижелі жұмысын және оқушылардың білім дағдысының қалыптасқанын көрсетеді.
- 5-сыныпта да көрсеткіштер жақсы: 67%-дан 73%-ға дейін (+6%) өскен. Орта буынға бейімделу кезеңі табысты өткен.
- 9-сыныпта тұрақты өсу бар – 63%-дан 73%-ға дейін (+10%), бұл қорытынды аттестацияға дайындықтың нәтижелі жүргізілгенін байқатады.
- 7-сыныптың нәтижесі 47% деңгейінде қалып қойған – бұл сыныпта қосымша қолдау шараларын қажет етеді.
- 10 және 11-сыныптарда білім сапасы бірқалыпты (60% және 62%) деңгейде, тұрақтылық байқалады.

Қорытынды

Мектеп бойынша оқу жылының соңында білім сапасы жоғары деңгейде тұрақтанған.

Оң динамика байқалған сыныптар: 4, 5, 9-сыныптар.

Тұрақты нәтиже көрсеткендер: 2, 6, 10, 11-сыныптар.

Нәтижені арттыруды қажет ететіндер: 7-сынып.

Оқу жылының қорытындысы оқушылардың танымдық белсенділігінің артқанын және білім сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстың тиімділігін дәлелдейді.

Ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысы бойынша қайта оқу жылы ұсынылатын білім алушыларды қоспағанда, 1-сыныптың білім алушылары екінші оқу жылына қалдырылмайды.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды. 1-сынып және 2-4 сыныптарда білім алушылар тоқсандық бағаларының негізінде келесі сыныпқа көшірілді.

2024-2025 оқу жылындағы 9 –сынып білім алушылары: Қасым Балнұр, Асқар Зере, Қасым Бағнұр, Бүркітбай Жанеляның қорытынды аттестаттау нәтижелері негізінде «Үздік аттестат» алу талаптарына сәйкестігі зерделеніп, қорытынды аттестаттау қорытындысы және №9 Педкеңес шешімі негізінде «Үздік аттестат» берілді.

2024-2025 оқу жылында білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8, 10 - сыныптарда аралық аттестаттау және негізгі орта және орта білім курстары бойынша 9-11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау туралы мәлімет

Білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Қазақ тілі бойынша емтихан *125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес* білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізілді.

Негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
2. «Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы;
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 1-қосымшасы.

Емтихан қазақ тілінде және өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен айқындалды

Ерекше білім қажет ететін оқушылар үшін педагогтің дайындаған жеке білім бағдарламасы мазмұнына сай емтихан тапсырмалары құрастырылды.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыруды көздеп 5-8, 10-сыныптарда өткізілетін оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша аралық аттестаттау – негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім деңгейінде академиялық жылды аяқтаған кезде «Қазақ тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша білім алушылардың бағдарлама мазмұнын меңгеруін бағалау нысаны ретінде қарастырылды. «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша қорытынды баға емтихан және жылдық бағалау нәтижелері негізінде 30-дан 70-ке пайыздық арақатынаста қойылады. Қорытынды бағалау ең жақын бүтінге қарай дөңгелектенді. Емтиханның аяқталу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының талаптарына сай хаттама толтырылды.

2025 жылдың №7 Педагогикалық кеңес шешіміне ұсынымы бойынша:

1. Білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМББС) талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар) деңгейінен: 5-сыныптан 11

білім алушы, 6-сыныптан 16 білім алушы, 7-сыныптан 15 оқушы, 8-сыныптан 15 оқушы және жалпы орта (10 сынып) деңгейден 10 оқушы негізгі орта және орта білім курстары бойынша аралық аттестаттауға жіберілді.
 35-1. 5 (6) – 8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушылары аралық аттестаттаудан білім беру ұйымдары басшыларының бұйрықтарымен бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар босатылатындықтан «Мүгедектік туралы анықтамасы» №2940114 негізінде үйде оқытылатын 8 «Ә» Жасуланқызы Нұрсезімді аралық аттестаттаудан босатылды.
 Аралық аттестаттаудан босатылған білім алушы Жасуланқызы Нұрсезім үшін қорытынды баға ағымдағы оқу жылының жылдық бағасы негізінде қойылды.

Аралық емтиханына қатысушылар туралы мәлімет
 (оқыту қазақ тілінде)

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны, себебі
5 «А»	8	8	-
6 «А»	13	13	-
7 «А»	12	12	-
8 «А»	10	10	-
8 «Ә»(үйде оқыту)	1	-	1(мүгедектігі туралы анықтама, жамбастың туа біткен дислокациясы)
10 «А»	10	10	-
Барлығы	54	53	-

(оқыту өзге тілде)

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны, себебі
5	3	3	-
6	3	3	-
7	3	3	-
8	5	5	-
БАРЛЫҒЫ:	14	14	

Емтихан қорытындысы (оқыту қазақ тілінде)

Сыныбы	Қатысқандар	Оның ішінде
--------	-------------	-------------

	саны	«2»	«3»	«4»	«5»
5 «А»	8	-	2	3	3
6 «А»	13	-	5	5	3
7 «А»	12	-	4	5	3
8 «А»	10	-	2	6	2
8 «Ә»	-	-	-	-	-
10 «А»	10	-	4	5	1
Барлығы	53	-	17	24	12

(оқыту өзге тілде)

Сыныбы	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»
5	3	-	1	-	2
6	3	-	1	2	-
7	3	-	1	2	-
8	5	-	2	3	-
БАРЛЫҒЫ	14	-	5	7	2

Білім сапасы пайыздық (көрсеткішпен) (оқыту қазақ тілінде)

Сөйлесім әрекеті	Қатысқан білім алушы саны	Оқу мақсаты коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0-39 %	40-84 %	85-100 %		
5-сыныптар							
Оқылым	8	5.2.6.1.	-	2	6	75%	100%
Жазылым	8	5.3.4.1.	-	5	3	75%	100%
Әдеби тіл нормалары	8	5.4.4.3.	-	4	4	75%	100%
6-сыныптар							
Оқылым	13	6.2.6.1.	-	8	5	61%	100%
Жазылым	13	6.3.4.1.	-	10	3	61%	100%
Әдеби тіл нормалары	13	6.4.4.3.	-	8	5	61%	100%

7-сыныптар							
Оқылым	12	7.2.6.1.	-	7	5	66%	100%
Жазылым	12	7.3.4.1.	-	9	3	66%	100%
Әдеби тіл нормалары	12	7.4.4.3.	-	7	4	66%	100%
8-сыныптар							
Оқылым	10	8.2.6.1.	-	5	5	80%	100%
Жазылым	10	8.3.4.1.	-	8	2	80%	100%
Әдеби тіл нормалары	10	8.4.4.1.	-	6	4	80%	100%
10-сыныптар							
Оқылым	10	10.2.5.1	-	5	5	60%	100%
Жазылым	10	10.3.3.1	-	7	3	60%	100%
Әдеби тіл нормалары	10	10.4.4.1	-	6	4	60%	100%
Барлығы	53		-			68,4%	100 %

Сыныптар (5-8, 10)	Орташа балл	Қиындық тудырған мәселелер
5 -сынып	23	5.3.4.1.«Жазылым» мақсаты негізінде эссені жазу барысында өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазуда тақырыпқа қатысты мәлімет толық емес, яғни жартылай қарастырылған.
6-сынып	21	6.3.4.1. «Жазылым» мақсаты бойынша өз ойын жеткізуде көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсете алмады.
7-сынып	21	7.4.4.3. «Шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану» мақсаты бойынша кейбір оқушылар шылаудың нақты мағынасын түсінбей, шылауды септік жалғауларының орнына қолданған.
8-сынып	22	8.4.4.1. Тапсырма орындау барысында оқушы байланысу тәсілдері (қабысу, матасу, меңгеру, қиысу, жанасу) туралы теориялық білімін нақты қолданғанымен, сөздердің мағыналық және грамматикалық байланысын ескермей отыр.
10-сынып	20	10.4.4.1. Мәтінмен жұмыс жасау барысында сөзжасамдық және

синтаксистік нормаларды сақтап жазуда қателер жіберді.

Барлығы

21

Білім сапасы (пайыздық көрсеткішпен)

(оқыту өзге тілде)

Сөйлесім әрекеті	Қатысқан білім алушы саны	Оқу мақсат коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа	Үлгерім
			0-39%	40-84%	85-100%		
Тыңдалым	14	5.1.6.1 6.1.6.1 7.1.3.1 8.1.6.1		8	6	64	100
Айтылым	14	5.2.5.1 6.2.5.1 7.2.5.1 8.2.5.1		6	8	78	100
Оқылым	14	5.3.3.1 6.3.3.1 7.3.6.1 8.3.5.1		7	7	85	100
Жазылым	14	5.4.2.1 6.4.2.1 7.4.2.1 8.4.2.1		14	-	64	100
Әдеби тіл нормалары	14	5.5.1.2 6.5.1.2 7.5.1.1 8.5.1.2		9	5	71	100
БАРЛЫҒЫ:	14					69,6	100

Сыныптар
(5-8, 10)

Орташа
балл

Қиындық тудырған мәселелер

5-8 14бала	21	Тілдік нормалардағы кейбір ерекшеліктерге жауап беруге киналады. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсынуда қателіктер жіберді.
	21	

2024-2025 оқу жылында 9-11 сынып оқушыларын қорытынды мемлекеттік аттестаттау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №34720 болып тіркелген) өзгерістер енгізу туралы 2025 жылғы 24 сәуірдегі №82 бұйрығына және Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының 2025 жылғы 24 сәуірдегі №356 бұйрығы, Арқалық қаласы білім бөлімінің 2025 жылғы 13 мамырдағы №241 бұйрығына сәйкес А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 2025 жылғы 15 мамырдағы № бұйрығы негізінде қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.

Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы

5 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан –

2025 жылғы 4 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде оқытатын мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы

12 маусым;

5) өзбек/ұйғыр/тәжік/орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 16 маусым.».

2025 жылдың №7 Педагогикалық кеңес шешіміне ұсынымы бойынша:

Сынып	Пәні	Емтихан алушы мұғалім	Қатысқаны	Емтиханнан босатылған	«5»	«4»	«3»	% кач
9 А	Алгебра	Есламбек Н.Ж.	23	0	4	15	4	82%
9 А	Қазақ тілі	Жақсылыкова Г.А.	23	0	8	12	3	86%
9 А	Орыс тілі	Уразакова Г.Г.	23	0	12	10	1	95%
9 А	Қазақстан тарихы	Луценко Р.В.	17	0	8	9	0	100%
9 А	Биология	Карбозова Г.К.	6	0	2	3	1	83%
9Б	Алгебра	Михайлова О.Н.	7	0	1	3	3	57%
9Б	Қазақ тілі	Жунусова Р.Б.	7	0	2	3	2	71%

9Б	Орыс тілі	Драганчук Е.А.	7	0	4	1	2	71%
9Б	Қазақстан тарихы	Муханбетжанова Г.Р.	7	0	1	5	1	71%

Қорытынды аттестаттауға МЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9- сыныптан 30 білім алушы қорытынды аттестаттауға жіберілді.

9 -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында, 11 -сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында өткізілді.

9 «А» сыныбы бойынша:

1. Қазақ тілі пәнінен 23 оқушы білім алды. Жылдық және емтихан қорытындылары бірдей — үлгерім 100%, білім сапасы 86,9% деңгейінде сақталған. Бұл пән бойынша білім сапасының динамикасы тұрақты.
2. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша 23 оқушы қамтылды. Үлгерім — 100%, білім сапасы — 95,6%. Жылдық және емтихан нәтижелерінің арасында айырмашылық жоқ, тұрақты нәтиже сақталған.
3. Алгебра пәні бойынша 23 оқушының нәтижесі: үлгерім — 100%, білім сапасы — 82,6%. Жылдық және емтихан қорытындысы бірдей, динамика — 0%.
4. Биология пәнінен 6 оқушы қатысқан. Үлгерім — 100%, сапа — 83%. Емтихан нәтижесі де сәйкес, өзгеріс байқалмады.
5. Қазақстан тарихы пәні бойынша 23 оқушы қатысып, жылдық үлгерім 100%, сапа — 86,9% болса, емтихан нәтижесінде сапа көрсеткіші 100%-ға дейін өскен, яғни +13,1% оң динамика байқалды. Бұл пән бойынша білім сапасының артуы оқушылардың емтиханға тыңғылықты дайындалғанын көрсетеді.

9 «Б» сыныбы бойынша:

1. Орыс тілі пәнінен 7 оқушы қатысты. Жылдық үлгерім — 100%, сапа — 57%. Емтихан қорытындысында сапа 71%-ға дейін өскен, яғни+14% оң динамика байқалды. Бұл оқушылардың білім сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстардың нәтижелі болғанын білдіреді.
2. Алгебра пәнінен 7 оқушының үлгерімі — 100%, білім сапасы — 57%. Емтихан нәтижесі өзгеріссіз, динамика 0%.
3. Қазақстан тарихы пәнінен 7 оқушы қатысып, үлгерім — 100%, сапа — 85,7%. Жылдық және емтихан көрсеткіштері бірдей, динамика 0%.
4. Қазақ тілі пәнінен 7 оқушы қатысып, үлгерім — 100%, сапа — 71%. Емтихан нәтижесінде де көрсеткіш өзгеріссіз қалды (динамика 0%).

Қорытынды:

Жалпы талдау нәтижесі бойынша 9 «А» және 9 «Б» сыныптарының үлгерім деңгейі 100% құрады. Оқу сапасы көрсеткіші пәндер бойынша 71–100% аралығында.

Оң динамика байқалған пәндер: Қазақстан тарихы (9 «А») — +13,1%, орыс тілі (9 «Б») — +14%.

Бұл пәндер бойынша оқушылардың емтихан нәтижелері жылдық бағалармен салыстырғанда жақсарған. Қалған пәндерде көрсеткіштер тұрақты деңгейде сақталған.

Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларын меңгерген 9- сыныптың 26 білім алушысына негізгі орта білім туралы аттестат және барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары бойынша үздік көрсеткіштерге қол жеткізген 9-сыныптың 4 оқушысына- Қасым Бағнұр Ерланұлына, Қасым Балнұр Ерланқызына, Асқар Зере Ахметбекқызына, Дулат Жанеля Дулатқызына негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» берілді.

11 -сыныптар бойынша қорытынды аттестаттау нәтижесі

Білім алушылардың жылдық және қорытынды емтихан нәтижелері негізінде үлгерім мен білім сапасының деңгейін, пәндер бойынша динамиканы анықтап, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін бағалау мақсатында 11-сынып түлектеріне қорытынды аттестаттау жүргізілді.

Емтиханға кешіккен немесе келмей қалған білім алушылар тіркелген жоқ.

Емтихандар:

- Оқу жылының соңында, белгіленген мемлекеттік нормативтерге сай,
- Мектептің емтихан кестесі негізінде,
- Білім бөлімінің нұсқаулығына сәйкес,
- Тиісті бақылау және тәртіппен ұйымдастырылып, өткізілді.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген 11-сыныптың 11 білім алушысы қорытынды аттестаттауға жіберілді.

11 «А» сынып оқушысы Қасымбек Нұрдәулет Уалиханұлын 2025 жылдың 28 сәуір айындағы №319 «Дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы» №026/е нысаны негізінде, 11 «Ә» сынып оқушысы Қалиев Нұрымхан Шалабайұлын 2025 жылдың 28 сәуір айындағы №320 «Дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы» №026/е нысаны бойынша қорытынды аттестаттаудан босатылды.

Барлық пәндер бойынша емтихандар белгіленген мерзімде, оқушылардың қатысуымен және жоспарға сәйкес рәсімделген құжаттамамен (хаттама, емтихан парақтары, қорытынды ведомосттер) толық қамтылды.

Апелляцияға келіп түскен арыз, ұсыныстар болған жоқ.

2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша 11 «А» және 11 «Б» сыныптарында барлығы 11 оқушы қорытынды аттестаттаудан өтті.

Барлық пәндер бойынша жалпы үлгерім – 100%, яғни оқушылар толық көлемде оқу бағдарламасын меңгерген. Білім сапасының деңгейі пәндер мен сыныптарға байланысты әртүрлі көрсеткіштерге ие.

Пән атаулары		2024-2025 о.ж.жылдық қорытындысы							2024-2025 о.ж.емтихан қорытындысы							
		Оқушы саны	5	4	3	2	% үлгерім	% сапа	Оқушы саны	5	4	3	2	% үлгерім	% сапа	Динамика
Қазақ тілі	11 «А»	8	2	3	3	-	100%	62	7	2	3	2	-	100%	71	+9
Орыс тілі мен әдебиеті	11 «А»	8	2	3	3	-	100%	62	7	2	3	2	-	100%	71	+9
Алгебра және анализ бастамалары	11 «А»	8	-	5	3	-	100%	62	7	-	5	2	-	100%	71	+9
Қазақстан тарихы	11 «А»	8	2	3	3	-	100%	62	7	2	3	2	-	100%	71	+9
Қаз әдебиеті	11 «А»	8	4	1	3	-	100%	62	1	1				100%	100	
Биология	11 «А»	8	2	3	3	-	100%	62	3	-	1	2	-	100%	33	
Дүниежүзі тарихы	11 «А»	8	2	3	3	-	100%	62	3	2	1	-	-	100%	100	
Қазақ тілі мен әдебиеті	11 «Б»	4	-	3	1	-	100%	75	4	-	3	1	-	100%	75	0
Орыс тілі	11 «Б»	4	2	2	-	-	100%	100	4	2	2	-	-	100%	100	0
Алгебра және анализ бастамалары	11 «Б»	4		2	2	-	100%	50	4		3	1	-	100%	75	+25
Қазақстан тарихы	11 «Б»	4	-	3	1	-	100%	75	4	2	2	-	-	100%	100	+25
Информатика	11 «Б»	4	-	3	1	-	100	75	1	-	1		-	100%	100	+25
география	11 «Б»	4	-	2	2	-	100	50	2	-	-	2	-	100	0	
Физика	11 «Б»	4	-	2	2	-	100	50	1	-	1	-	-	100	100	

11 «А» сыныбында емтихан қорытындысы бойынша оң нәтиже байқалды.

- Ең жоғары өсім — Қазақ әдебиеті мен Дүниежүзі тарихы пәндерінде (+38%), бұл пәндерде оқушылардың

- дайындық сапасы айтарлықтай артқанын көрсетеді.
- Орташа тұрақты өсім (+9%) Қазақ тілі, Орыс тілі, Алгебра және Қазақстан тарихы пәндерінде байқалды.
 - Биология пәнінде кері динамика (-29%) байқалды. Аталған пәнді таңдаған оқушылар жылдық бағаларымен сәйкес орташа білім деңгейін көрсетті.

11 «Б» сыныбы бойынша талдау

Оң динамика байқалған пәндер:

- Физика – +50%,
- Қазақстан тарихы, Информатика, Алгебра – +25%.

Бұл пәндерде оқушылардың нәтижелері емтихан барысында айтарлықтай жақсарған.

Тұрақты нәтиже – Орыс тілі және Қазақ тілі мен әдебиеті (білім сапасы сақталған).

Кері динамика – География пәні (-50%), бұл пән бойынша білім сапасы төмендеген.

2024-2025 оқу жылындағы ҰБТ көрсеткіші

ҰБТ-ның сапасы мен тиімділігін арттыру үшін 2024-2025 оқу жылында Макаренко атындағы ЖОББМ 11 -сынып түлектерін ҰБТ-ға дайындау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізді. Бұл жұмыс келесі бағыттарды қамтыды:

ұйымдастырушылық; технологиялық; ақпараттық және психологиялық.

Бұл бағыттар ҰБТ-ға дайындық жоспары арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ ҰБТ нәтижелерін жақсартуға қатысты мәселелерді қарастыратын әдістемелік бірлестік жоспары жасалды. Мектеп психологымен бірлесе отырып, оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларына (түлектер, ата-аналар, мұғалімдер) психологиялық қолдау көрсету бойынша жұмыс жоспары жасалды.

ҰБТ- 2023

Кол-во учащихся 11 кл		Общее количество участников ЕНТ		Общий средний балл	
20		19		71	
<i>Қазақ тілінде білім алушылар</i>	<i>Орыс тілінде білім алушылар</i>	<i>Қазақ тілінде білім алушылар</i>	<i>Орыс тілінде білім алушылар</i>	<i>Қазақ тілінде білім алушылар</i>	<i>Орыс тілінде білім алушылар</i>
17	3	16	3	70	73

ҰБТ - 2024

Кол-во учащихся 11 кл		Общее количество участников ЕНТ		Общий средний балл	
-----------------------	--	---------------------------------	--	--------------------	--

8		6		72	
<i>Қазақ тілінде білім алушылар</i>	<i>Орыс тілінде білім алушылар</i>	<i>Қазақ тілінде білім алушылар</i>	<i>Орыс тілінде білім алушылар</i>	<i>Қазақ тілінде білім алушылар</i>	<i>Орыс тілінде білім алушылар</i>
5	3	4	2	69	75

ҰБТ - 2025

Кол-во учащихся 11 кл		Общее количество участников ЕНТ		Общий средний балл	
13		8		76	
<i>Қазақ тілінде білім алушылар</i>	<i>Орыс тілінде білім алушылар</i>	<i>Қазақ тілінде білім алушылар</i>	<i>Орыс тілінде білім алушылар</i>	<i>Қазақ тілінде білім алушылар</i>	<i>Орыс тілінде білім алушылар</i>
9	4	6	2	84	68
				76балл	

2) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білімалушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау:

Белгілі бір себептер бойынша жиынтық бағалау жүргізілген күні болмаған білім алушылар мектеп директоры бекіткен жеке кесте бойынша жиынтық бағалаудан өтеді. 2024-2025 оқу жылының 1-тоқсанындағы БЖБ, ТЖБ кестесі жоспарланып, бекітілді. Алайда өткізілу барысында «Білім класс» журналында №125 бұйрық негізі бойынша төмендегідей бұзушылық анықталды:

- 18 қазанында 8 «А» сыныбында биология, геометрия, Қазақстан тарихы, Физика;
- 21 қазанында 10 «А» сыныбында химия, география, ағылшын тілі пәні, қазақ әдебиеті;
- 21 қазанында 11«А» сыныбында геометрия, информатика, Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті;
- 18 қазанында 9 «А» сыныбында биология, геометрия, Қазақстан тарихы, орыс тілі пәндері бойынша бір күнде үш ТЖБ-дан артық өткізілген.

Сараптама нәтижесінде тарих пәнінің мұғалімі Луценко Р. В. ТЖБ кестесі бойынша өткізбегендігі анықталды. Пән мұғалімнен түсініктеме алынып, ескерту бұйрығы №154 2024 жылдың 7 қазанында шығарылды.

Ағымдағы оқу жылындағы білім алушылардың жазбаша жиынтық жұмыстары мектепте оқу жылының соңына дейін сақталады.

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету):

Мектептегі әлеуметтік-психологиялық жұмыс білім алушыларды әлеуметтік -психологиялық қолдау мақсатында 25 тамыз 2023жылдың № 377 бұйрығының негізінде «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы», «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы 46-25 тармақшасына сәйкес жұмыс атқарылады. Нақты алгоритмі бар, оқу жылы ішінде профилактикалық, диагностикалық, консультациялық, түзету жұмыстарын және ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстарды жүргізуді көздейді.

Психологиялық-педагогикалық жұмыс 2022-2025 оқу жылы ішінде мектептің жылдық жұмыс жоспарына және педагог-психолог жоспарына сәйкес жүргізілді.

Мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісіне қатысушыларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, білім беру оқушылардың психологиялық саулығына жағдай туғызу үшін оңтайлы жағдайлар жасауға ықпал ету.

Міндеттері:

- Оқу-тәрбие барысында жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу психологиясы барысында үздіксіз жетілуіне, дамуына психологиялық қажеттілік қалыптастыру;
- Мектепке бейімделу кезеңінде балаларға психологиялық қолдау көрсету;
- Оқушының әрбір жас аралығында тұлғааралық, интеллектуалды және кәсіби-бейіндік дамуын қамтамасыз ету, табиғи танымдық қабілетін дамыту
- Әр балаға тиісті жеке түрдегі жұмысты қамтамасыз ету;
- Оқушының интеллектуалды және тұлғалық дамуының ауытқуын психологиялық-педагогикалық зерттеу, профилактикалық және коррекциялық жұмыс жүргізу;
- Балаларды тәрбиелеудегі туындаған қиыншылықтар және отбасындағы микроклиматты жақсарту бойынша ата-аналарға кеңес беру;
- Мектептің күнделікті тыныс-тіршілігіне педагогикалық психология және балалар психологиясының соңғы жетістіктерін енгізе отырып, білім беру үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алуға, тәрбие жұмысын оңтайлы ұйымдастыруда әкімшілікке, мұғалімдерге бағыт-бағдар беру, көмек көрсету.
- Педагогтардың шеберліктерін жетілдіруде балалар психологиясының ерекшеліктерін терең зерттеп, анықтай білулеріне көмектесу;

Жұмыс нысандары:

- бақылау;
- әңгіме;
- сауалнама;
- білім беру сабақтары;

- тренингтер;
- кеңес беру;
- ойын технологиясы;
- art терапиясы;

2024-2025 оқу жылында негізгі қызмет түрлері бойынша жұмыс жүргізілді, атап айтқанда:

1-11 сынып оқушыларымен 61 топтық жұмыс, 4 жеке кеңес берілді. "Мен мектепте не сезінемін?", "Жазасыз тәрбие беру", «Менің жеке қауіпсіздігім», «Бақылаудағыкүйзеліс», «Басқаларғақұрмет», «Бізбасқамыз—біздеңбіз:мектептегі буллингке қарсытұру» т.б. тақырыптарда «тренингтер жүргізілді.

Мектепте психологтардың жұмысы заманауи қауіпсіз цифровизация талаптарына сай автоматтандырылған компьютерлік бағдарлама қолданылады: АСППМ HR+ онлайн платформасы жұмыс барысында кең пайдаланылып отыр. WI-FI интернетке қолжетімділігі қамтамасыз етілген.

2024-2025 оқу жылдарында әр квартал сайын 5-11 сынып оқушыларымен жоспар бойынша аутодеструктивтік мінез құлықтың алдын алу мақсатында сауалнамалар жүргізіліп отырады.

2024-2025 оқу жылында 2 оқушы.

Балалардың мектепішілік «Ерекше назар» есебіне алыну себептері:

Бұл оқушылар өгей әкесімен тұрады. Бұл оқушылармен тізімге алынған күннен бастап, мектеп психологы ретінде арнайы жоспар құрылып сол бойынша психологиялық жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік педагогымен бірігіп баланың отбасына барып, отбасының әлеуметтік жағдайымен танысып АКТ жасалынды. Оқушыларды қалыпты өмірге бейімдеу мақсатында, мектеп әкімшілігі тарапынан қадағалауға алынды. Оқушылардың күнделікті сабаққа келуі, тәртібі, көңіл-күйі, күн тәртібі жоспарланып, түрлі іс-шараға қатысуы қадағаланды.

Осы топ балаларына психологиялық-педагогикалық мінездеме құрастырылды. Эмоционалды жағдайды бақылау мақсатында диагностика жүргізілді. Балаларды тәрбиелеу және өзара түсіністікті жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлемелері, ата-аналар мен балаларды әңгімеге шақыру, алдын алу лекциялары, ата-аналарға кеңес беру, бақылау жұмыстары жүзеге асты. Жеке әңгімелер барысында эмоционалды күйін және оқу қажеттіліктерін бағалап, сенімді орта құру және ашылуына көмектесіп, сезімдері, қызығушылықтары мен мотивациялары туралы ақпарат жиналды. Баланың ішкі әлемін түсінуге және қолдаушы, тиімді білім беру ортасын құруға көмектесетін сауалнама алынды. Баланың өз сезімдері мен оқу қажеттіліктерін тереңірек түсінуіне көмектесетін сұрақтарға жауап алынды.

Ертегінің желісін түсіндіріп, сөздік қорларын, ой-санасын және көз алдарына елестету қабілеттерін дамыту мақсатында «Ертегілер еліне саяхат» ертегі терапиясы жүргізілді. «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі, «Шалқан» ертегісі баланың білуі, ертегінің желісін түсінуі, баланың меңгеруі, сөздік қорларын, ой-санасын және көз алдарына елестету қабілеттерін дамыту үшін өткізілді.

Заңсыз әрекеттердің алдын алу, қиын жағдайда жүрген білім алушыларға уақтылы көмек көрсету үшін мектепте "Сенім жәшігі" орнатылған. "Сенім жәшігі" жұмысы барысында балалар мен жасөспірімдердің заңсыз әрекеттеріне және білім алушыларға көмек көрсетуге байланысты хаттар, өтініштер түскен жоқ.

Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс маңызды бағыт болып табылады. Мектеп

оқушыларымен жұмыс жоспарына сәйкес сынып сағаттары өткізіледі.

Оқушылар арасында суицидке әрекет, жасалған суицид туралы мәлімет:

Оқу жылы	Суицидке әрекет және жасалған суицид	Суицид жасау тәсілі	Жасы	Жынысы	Отбасы
2022-2023	0	0	0	0	0
2023-2024	0	0	0	0	0
2024-2025	0	0	0	0	0

«Буллингтің алдын алу» бойынша тренингтік сабақтардың ұйымдастырылуы және өткізілуі:

- Балаларға қатыгездік
- Есте сақтауды дамыту (шағын дәріс+ әңгіме)
- Мазасыздықтың алдын алу
- Уақытты басқару (шағын дәріс+ әңгіме)
- Кәсіптік бағдар (таңдау қадамдары, критерийлер, ұсыныстар)
- Стресс және онымен қалай күресуге болады
- Қыздар мен ұлдардың репродуктивті денсаулығы
- СӨС әдеттері
- Режим және мінез-құлық
- Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу-ата-аналар мен мұғалімдер
- Психологиялық денсаулық онкүндігі
- Оқушылардың сипаттамалары
- Жалпы мектептік және сыныптық ата-аналар жиналыстарында сөз сөйлеу
- Үлгермеген балаларды анықтау, коммуникативтік шағын тренинг.

Салауатты өмір салты туралы әңгіме. Жеке әңгімелер: АПВ (Адам папиллома вирусы) алдын алу және вакцинацияның маңыздылығы туралы 6,7,8 – сыныптардың 11,12,13 жас аралығында ВПЧ вакцинациясын салдыру керек қыз балалардың ата-аналары үшін жиналыс өткізілді. АПВ-мен байланысты аурулар физикалық азапты ғана емес, сонымен қатар қорқыныш, үрей және өмір сапасының төмендеуі сияқты психологиялық мәселелерді тудыратыны туралы презентация көрсетілді.

5-11 сыныптар ата-аналарына арналған жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы «Жасөспірімдердің нашақорлық, темекі шегу және алкогольізімінің алдын алу мәселелері» тақырыбында өткізілді. "Денсаулық туралы әңгіме" тақырыбында сұрақ-жауап форматында ата-аналар арасында пікір алмасу, кіріспе, ата-аналарға балаларын стресстік жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға үйретуді қамтамасыз ету мақсатында «Әлеуметтік дағдыларды дамыту» жаттығуы жүргізіліп, жасөспірімдерге зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру әдістері, жасөспірімдермен тиімді қарым-қатынас орнату дағдылары, баланың эмоциялық қажеттіліктерін түсіну, нашақорлық, темекі шегу және алкогольізімінің алдын алу, нашақорлық немесе алкоголь тәуелділігі белгілері

байқалса, ата-аналарға ұсыныстар беріліп, балалардың тамақтануы мен физикалық белсенділігі туралы да сөз қозғалды.

«Жасөспірімдердің нашақорлық, темекі шегу және алкоголизмінің алдын алу» тақырыбында жоғары буын білім алушылары үшін сұрақтар, ситуациялық жағдайдан шыға білу, «Темекі – у, темекі шегу – зиянды» тақырыбымен темекі сатып алу үшін қаншалықты қаржы қажеттігін санау, темекі шегу салдарынан жиі туындайтын аурулар жайлы әңгіме өрбіді.

Оқушылардың ата-аналарымен жеке кездесулер, консультациялар, әңгімелер, ата-аналар дәрістері ұйымдастырылды, ата-аналар жиналыстарында кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың алдын алу, суицидтің алдын алу, 1, 5, 10 сыныптарға бейімделу, оқушылардың кәсіптік бағдарлануы бойынша бірқатар дәрістер өткізілді. Сондай-ақ оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға қарым-қатынас мәселелері және жеке мәселелер бойынша зерттеу нәтижелері бойынша жеке және топтық консультациялар өткізілді.

Кеңес беру/сөйлесу себептері:

- оқу проблемалары, оқу үлгерімі
- сабақты өткізіп жіберу және кешігу
- мінез-құлық және сөйлеу
- қақтығыстар, көз жасы
- сыныптағы, отбасындағы қатынастар және құрдастарымен тұлғааралық қатынастар.
- мұғалімдердің немесе ата-аналардың сұраулары
- қорқыныш, үрей, эмоционалды тұрақсыздық
- өзін-өзі бағалау, сенімсіздік
- теріс, агрессия
- жасөспірім
- кәсіптік бағдар беру
- салауатты өмір салты, жаман әдеттер, пайдалы әдеттер

Мектеп оқушылары мен педагогтері үшін әлеуметтік-психологиялық ағарту бойынша стенд рәсімделді.

Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізіліп, қазіргі таңдағы 5-11 сыныптар ата-аналарына арналған жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы «Жасөспірімдердің нашақорлық, темекі шегу және алкоголизмінің алдын алу мәселелері» тақырыбында өткізілді.

Балаға қатысты кибербуллинг және буллинг мәселелері жайында оқушыларға «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ «Білім беру ұйымдарындағы буллинг проблемасын зерттеу туралы» бұйрығының негізінде Қостанай облысының әрбір жалпы білім беру ұйымында буллингті зерттеу бойынша 5-11 сынып оқушыларымен сауалнама жүргізілді.

Сауалнама алдында кәмелетке толмағандардың сынып жетекшілерімен түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Сауалнама онлайн форматта гугл нысаны арқылы өткізілді. Сауалнамаға сілтеме қоса беріліп, жүз пайыздық қамтумен буллингті зерттеу бойынша жүргізілді.

«Аутодеструктивті мінез-құлықтың, қорқыту/кибербуллинг және кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында облыстық ата-аналар жиналысы 5-11 сынып ата-аналарына өткізілді. Жиналыс шеңберінде теориялық және практикалық блоктар қарастырылды. Баяндама оқылып, бейнероликтер қаралып, талқыланды. Жиналыс өткізілгеннен кейін, ата-аналарға отбасылық тәрбие, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, қорқыту/кибербуллинг, құмар ойындар/лудомания және кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық аспектілері бойынша ұсыныстары бар буклеттер мен жадынамалар ұсынылды.

«Аутодеструктивті мінез-құлықтың, қорқыту/кибербуллинг және кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында ІІ жартыжылдыққа облыстық ата-аналар жиналысы 5-11 сынып ата-аналарына ұйымдастырылды. Жиналыс шеңберінде теориялық және практикалық блоктар қарастырылды. Баяндама оқылып, жаттығулар жасалып, талқыланды.

QRкодтарынқолданаотырып, анонимдіөтініштерарқылықауіпсізмектепортасынжәнеоқушыларғажеделкөмек көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында «КодАктив: Жеделкөмекбағдарламасы» 1-4 бастауыш буын білім алушылары, 5-11 орта және жоғары буын білім алушылары үшін таныстырылды. Мектеп оқушылары кез келген уақытта, мектептің кез келген корпусынан КОД АКТИВ бағдарламасының QR-кодтарын таба алады. QR бойынша өтіп, өздерін алаңдатқан проблемаларды жеткізе алады. Тиісінше, бұл бағдарлама мектеп ішіндегі буллингпен күресуге және тиісті амалдар қолдануға өз көмегін тигізбек.

Барлық ақпараттық материалдар: Буллинг дегеніміз не? Буллингтің мақсаты, буллинг куәгерлерініңмінез-құлқы, соның ішінде балалар жәнеересектер, буллингтің түрлері, қорқытуға қатысушылардыңпсихологиялықпортреттері, буллингтер-бұл, буллингтергетән, буллинг құрбандары жайында түрлі-түсті нұсқада басып шығарылып, мектеп фойесінде екі тілде ақпараттық стендтерге орналастырылды.

«Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ «Білім беру ұйымдарындағы буллинг проблемасын зерттеу туралы» бұйрығының негізінде Қостанай облысының әрбір жалпы білім беру ұйымында буллингті зерттеу бойынша 5-11 сынып оқушыларымен ІІ жартыжылдыққа сауалнама жүргізілді.

Сауалнама алдында кәмелетке толмағандардың сынып жетекшілерімен түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Сауалнама онлайн форматта гугл нысаны арқылы өткізілді. Сауалнамаға сілтеме қоса беріліп, жүз пайыздық қамтумен буллингті зерттеу бойынша жүргізілді.

Білім беру ортасында буллингтің алдыналу мақсатында «Басқаларғақұрмет»тақырыбындатренингэлементтеріменбастауышбуынбілім алушылары үшін сабақ өтті. Сабаққұрылымыкіріспебөлімнен бастау алып, сәлемдесу «Біздіңкүштіжақтарымыз» жатығуымен жүзеге асты.Негізгібөлігітоптажұмыс істеу ережелері,«Helium»мультфильмінкөру(режиссерТомКизиват,2005, «Біз бір-бірімізден қалай ерекшеленеміз»және«Біз бір-бірімізге қалай ұқсаймыз», «Этюдтер» жаттығуларымен жалғасты. Қорытындыбөлімде«Тас,қайшы,қағаз»жаттығуы мен «Смайл»рефлексиясы жүргізілді.

Білім беру ортасында қорқытудың алдыналу мақсатында «Бізбасқамыз—бізтеңбіз:мектептегі буллингке қарсытұру» тақырыбында ортажәнежоғарыбуынбілім алушылары үшін сыныпсағаты өткізілді. Іс-шараныңқұрылымы кіріспебөлімнен бастау алып, сәлемдесу және сыныпсағатыныңтақырыбына қысқаша тоқталып, түсіндірілді. Негізгібөлігінде оқылғаншығармалардынемесеқаралғанфильмдердіталқылау жүргізілді. Сондай-ақ, «Мектептегі

буллинг» атты шағындәріс оқылды. Қорытынды бөлімде материалдық қорытындылау және жалпылау жүргізілді.

Әлеуметтік-психологиялық қызметтің ерекше назары оқушылар мен педагогикалық ұжымда қолайлы эмоционалды-психологиялық ахуалды құруға және қолдауға, білім алушылардың психологиялық және тұлғалық дамуындағы ықтимал жағымсыз құбылыстардың алдын алуға бағытталған.

Әлеуметтік-психологиялық профилактикалық жұмыс жеке балалармен, мұғалімдермен, ата-аналармен жүргізіледі. Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс маңызды бағыт болып табылады.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушылармен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілуде:

- кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін анықтау мақсатында сауалнамалар алу;
- ата-аналарды немесе оларды алмастыратын, балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамайтын, оларға қатысты құқыққа қайшы әрекеттер жасайтын адамдарды анықтау бойынша рейдтер ұйымдастыру және жүргізу;
- мектептің ақпараттық сайтында және жасөспірімдермен чаттарда, ақпараттық стендтерде сенім телефондарын орналастыру;
- ата-аналар чаттарына және жасөспірімдермен сөйлесулерге Сенім телефондары бар жадынамалар жіберу.
- 9-11 сынып оқушыларымен кәсіби өзін-өзі анықтауға бағытталған топтық түзету-дамыту сабақтары өткізіледі, оның барысында оқушылардың едәуір бөлігі мамандық таңдауда анықталады.

11-сыныптар ата-аналарына арналған жиналыс өткізілді. Кездесуде 11-сынып оқушыларының психологиялық жағдайы мен болашағына қатысты бірнеше маңызды мәселелер талқыланды. Эмоционалды және психологиялық жағдай, қарым-қатынас мәселелері, мамандық таңдау, стресс және уақытты басқару, консультациялар, психологиялық білім жайында ұсыныстар берілді. 11-сынып оқушыларының болашағына назар аударып, оларға дұрыс қолдау көрсету қажеттігі айтылды.

Адамның белгілі бір мамандық түрлеріне оның құндылық бағдарларында көрінетін бейімділігін анықтау мақсатында кәсіби бағдарға арналған дифференциалды диагностикалық сауалнама (ДДС) жүргізілді. Өзірлеушілер: Григорий Петрович Климов (Gregory Klimov, Ральф Вернер) (26.09.1918-10.10.2007). Ресейлік-американдық жазушы, журналист, редактор. Зерттеуге 8, 9, 10, 11 сыныптар оқушылары қатысты.

Дифференциалды диагностикалық сауалнама (ДДС) тұлғаның психологиялық типін анықтауға көмектеседі. Соған сәйкес адамның ойлау түрін, оның таланты мен белгілі бір қызмет салаларына бейімділігін анықтау оңай.

"Мен қаладым" саралаушы диагностикалық сұрақнамасы — тұлғалық қасиеттерді, мотивацияны және қызығушылықтарды анықтауға арналған құрал. Бұл сұрақнама адамға өз мақсаттары мен армандарын, сондай-ақ оларды жүзеге асыру жолдарын саралауға көмектеседі.

Сұрақнаманы өткізу кезінде оқушыларға өз ойларын ашық білдіруге мүмкіндік беру маңызды. Нәтижесінде, қатысушылар өздерін тереңірек түсініп, жеке даму жолдарын анықтай алады. Сұрақнама бірнеше бөлімнен тұрады: жеке қызығушылықтар, мотивация, мақсаттар, кедергілер, өзін-өзі бағалау. Зерттеуге 50 адам қатысқан (9, 10, 11-сыныптар). Сұрақнама қағаз түрінде жүргізілді. Әрбір қатысушыға сұрақтар жинағы берілді.

«Сынаққа сеніммен барайық» тақырыбында 11-сынып түлектеріне сенімділікті неден бастау керек, мәселені

шешу үшін ең алдымен уақыттың жетіспеу себебін анықтау, уақытты дұрыс бөлу жайлы сөз қозғап, шағын дәріс оқылды.

Заңсыз әрекеттердің алдын алу, қиын жағдайда жүрген білім алушыларға уақтылы көмек көрсету үшін мектепте "Сенім жәшігі" орнатылған. "Сенім жәшігі" жұмысы барысында балалар мен жасөспірімдердің заңсыз әрекеттеріне және білім алушыларға көмек көрсетуге байланысты хаттар, өтініштер түскен жоқ. Оқушылардың мінез-құлқында, оқуында, тұлғааралық қарым-қатынасында және балалардың әл-ауқатында, бейімделуде қиындықтарға тап болған балаларға көмек көрсетілді.

- Жасөспірімдермен түзету және дамыту сабақтары (агрессия және мазасыздық белгілері бар). Жасөспірім балалар өздерінің эмоционалдық әл-ауқатына және айналасындағылармен қарым-қатынасқа кедергі келтіретін өз проблемаларын, тәжірибелерін шешуді үйренді.

- Шығармашылық қабілеттерін және өмірге оң көзқарасын дамытуға бағытталған түзету-дамыту сабақтарын іске асыру. Мақсаты: сыныпты біріктіру, танымдық процестерді дамыту, шығармашылық әлеует пен жеке мүмкіндіктерді дамыту.

Жанжалдағы мінез-құлық стратегияларын дамытуға, эмоцияларды, толеранттылықты бақылауға, ұжымды біріктіруге, өзіне деген сенімділікке, өзін-өзі бағалауды, достықты, адамгершілікті арттыруға бағытталған бірқатар дамытушылық тренингтер өткізілді.

Жыл сайын психологиялық денсаулық онкүндігі өткізіледі.

Мектеп қыздары ұжымымен «Қыздың абыройы» тақырыбында кездесу өтті. Бұл жиынға мектептің жоғары буын, яғни 8 – 11 сыныптар қыздары түгелдей қатынасты. Мектеп медбикесі қатысып, қыздар ұжымының өзекті мәселелерінің бірі қыздың абыройы жайында сөз қозғалды. Мектеп психологы тарапынан қыздың абыройы турасында презентация көрсетіліп, шағын дәріс оқылды. Оқушылар барлық берілген ақпараттардан жақсы әсер алды.

Психологтың сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шараларда, ата-аналар жиналыстарында, педагогикалық кеңестер мен директор жанындағы кеңестерде сөйлеген сөздері болды.

Ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыт әрбір педагог-психолог қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Осы бағыт шеңберінде педагог-психолог біріншіден, өз қызметін жоспарлау мен талдауды жүзеге асырды (жылдық, апталық жұмыс жоспарын, статистикалық анықтаманы жасау); екіншіден, ағымдағы құжаттама жүргізілді (жұмыс журналын толтыру, жұмыс кестесін құру, анықтамаларды ресімдеу); үшіншіден, кеңес беруге материалдарды дайындау, ағарту, түзету және т. б. (мамандандырылған әдебиеттерді зерттеу, диагностикалық құралдарды таңдау, сөйлеу үшін материалдар дайындау).

Мектептің маңызды жұмысы заңсыз әрекеттердің алдын алу, құқықтық мәдениет нормаларын тәрбиелеу. Балаларды өгей әкелер мен бірге тұратын аналар тәрбиелейтін қолайсыз отбасылар мен отбасылар ерекше бақылауда. Ата-аналардың чаттарына буклеттер, баланы әлеуметтік желілерде, қоғамдық орындарда, көшеде және үйден тыс жерде қалай қорғауға болатындығы туралы практикалық ұсыныстар жіберіледі.

Кәмелетке толмағандарды деструктивті ұйымдарға тартудың алдын алу мақсатында сынып жетекшілері, психолог және әлеуметтік педагогы әлеуметтік желілерде тұрақты мониторинг жүргізеді. Білім алушылардың барлық

санаттарымен учаскелік инспектор, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілері жеке-профилактикалық жұмыс жүргізеді. Жеке бақылау күнделіктері, пәтерге бару журналдары, әлеуметтік-психологиялық қызмет қызметін есепке алу журналы жүргізіледі. Осы білім алушылардың ата-аналарымен байланыс орнатылды.

10-11-сыныптарда оқушының жеке басына тән келесі ерекшеліктері зерттелді: құндылық бағдарлары, қызығушылықтары, қажеттіліктері, бейімділігі, кәсіби ниеттері, мамандық таңдау мотивтері, мінез ерекшеліктері. Осы кәсіптік бағдарлау диагностикасы мектеп оқушыларының табысты кәсіби өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру шарттарының бірі болып табылады.

№	Атқарылған іс- шаралар	сыныбы	жетекші
1	11-сыныптар ата-аналарына арналған жиналыс (эмоционалдық және психологиялық жағдай, қарым-қатынас мәселелері, мамандық таңдау, стресс және уақытты басқару, консультациялар, психологиялық білім)	11А, 11 Б	Темиржанова Самал Балтабекқызы Драганчук Елена Алексеевна
2	Адамның белгілі бір мамандық түрлеріне оның құндылық бағдарларында көрінетін бейімділігін анықтау мақсатында кәсіби бағдарға арналған дифференциалды диагностикалық сауалнама (ДДС) Әзірлеушілер: Григорий Петрович Климов (Gregory Klimov, Ральф Вернер) (26.09.1918-10.10.2007). Ресейлік-американдық жазушы, журналист, редактор.	8 А,Б, 9 А,Б, 10 А, 11 А,Б	Луценко Рита Викторовна Уразаков Адилжан Таурбаевич Карбоз Гүлбарам Кенжегалиевна Жунусова Раш Бахытовна Менкин Бақберген Жанабергенович Темиржанова Самал Балтабекқызы Драганчук Елена Алексеевна
3	Адамға өз мақсаттары мен армандарын, сондай-ақ оларды жүзеге асыру жолдарын саралау мақсатында "Мен қаладым" саралаушы диагностикалық сұрақнамасы (тұлғалық қасиеттерді, мотивацияны және қызығушылықтарды анықтауға арналған).	9 А,Б, 10 А, 11 А,Б	Карбоз Гүлбарам Кенжегалиевна Жунусова Раш Бахытовна Менкин Бақберген Жанабергенович Темиржанова Самал Балтабекқызы Драганчук Елена

			Алексеевна
4	«Сынаққа сеніммен барайық» шағын дәріс.	11 А,Б	Темиржанова Самал Балтабекқызы Драганчук Елена Алексеевна

Мамандық және оның қажеті, оқушының қабілеттері, ата-ананың, отбасының көзқарасы талқыланып, сынып жетекшілер оқушылармен, ата-аналармен жұмыстар жүргізіліп отыр.

- 2022 – 2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында

есепте тұрған ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы тізімі

Мектеп бойынша ПМПК анықтамасымен оқитын оқушылар саны

№	Диагностар	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы		Үйде оқитын	2024 – 2025 оқу жылы	У
			1 қыркүйек	1 сәуір			
1	Төмен дәрежелі Гиперметропия. Торлы Ангиопатия. Сөйлеудің фонетикалық дамымауы.	1	1				
2	Психикалық дамудың кешігуі, соматогендік. Сөйлеудің жалпы дамымауы -III деңгей	1		1			
3	Сөйлеудің жалпы дамымауы-III деңгей	4					
4	Дизартрияның жойылған түрі. Сөйлеудің фонетикалық дамымауы	1					
5	Психикалық дамудың кешігуі, соматогендік. (Прогрессивті бұлшықет дистрофиясы. Төменгі орташа дәрежелі парапарез)	1	1		1		
6	Психикалық дамудың тежелуі, соматогендік. Оқу мен жазудың бұзылуы	1					
7	Тірек – қимыл аппаратының бұзылуы. Психикалық дамудың кешігуі. Эхолалия. Сөйлеудің жалпы дамымауы-II деңгейі	1	1				
8	Туа біткен 2 жақты жамбас	1	1		1		

			дислокациясы. Сколиоз						
		9	Психикалық дамудың кешігуі, психогендік келу.	2					
		10	Сөйлеудің жалпы дамымауы-I деңгей, Ринопалия. _Q 35,4 ВПР жоғарғы жақ. Жұмсақ және қатты таңдайдың толық туа біткен жырығы айқын сору, жұту бұзылысы		1				
		11	Шекаралық интеллектуалды жеткіліксіздік (ПИН)		2			1	
		12	Тірек – қимыл аппаратының бұзылуы: өздігінен жүріп-тұрмайтын бала. Шекаралық интеллектуалды жеткіліксіздік (ПИН). Дизартрия.					1	1
		13	Көрудің жеңіл дәрежелі алыстан көргіштік бұзылысы. Тор қабықтың ангиопатиясы. Сөйлеудің фонетикалық дамымауы.					1	
		14	Туа біткен екі жақты жамбас буынының шығуы. Омыртқаның кеуде-бел бөлігінің 1-ші дәрежелі қисаюы (сколиоз). Соматикалық ауруы бар бала.					1	1
		15	Балада екі аяғы бірдей туа біткен қисықтық (қос тарапты қисық табан). Соматикалық ауру – ішкі ағзалармен немесе дене жүйесімен байланысты ауру яғни психикалық емес, физикалық ауру.					1	
		16	Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының II-III деңгейі.					1	
		17	Сөйлеудің жалпы дамымауы-I-ІІдеңгейі. Ринопалия.					1	
		18	Психикалық дамудың тежелуі. Эхопалия. Коммуникативтік бұзылыстарға байланысты сөйлеу тілінің ерекше дамуы.					1	
			Барлығы	13	7	8	2	8	2

2024-2025 оқу жылында Психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияда (ПМПК) тұрған балалардың есебі дайындалып, қалалық білім бөліміне тапсырылды.

Есепте тұрған ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың 2024-2025 оқу жылына арналған цифрлық есебі

ПМПК есебінде тұрған ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар	Соматикалық аурулары бар	Мүгедек балалар	Үйде оқитындар	Неврологиялық аурулары бар	Психикалық дамудың тежелуі бар	Сөйлеу бұзылысы бар	Қозғалыс аппаратының бұзылысы бар	Әлсіз көретіндер
6	2	4	2	0	2	2	1	1

Білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар

Жалпы білім беретін типтік оқу бағдарламасы бойынша оқыту	5
Бейімделген жалпы білім беретін оқу бағдарламасы	3
Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: психологпен	2

Педагогтің балаға оның оқу барысының нәтижесіне қатынасатын педагогтың оқу процесін дараландыра білуінің, психолог маманының ұсыныстарын қолдана білуінің, баланың өзіне деген сенімін қалыптастыра білуінің маңызы зор:

1. ПМПК қорытындылары мен ұсынымдарын зерделейді.

2. Бақылау нәтижелерін қорытынды нысанына жинақтайды.

Бұл нысан жылдың басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында толтырылады, яғни баланың даму икемділігі мен оқудың табыстылығы мониторингілеу құралы болып табылады. Білім алушының оқу жетістіктеріне критериалды бағалау жүргізіледі. Бағдарламаны игерудегі кемшіліктері анықталады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық және педагогикалық қызмет көрсетіледі. Әр балаға педагог-психолог бағдарлама жасап, бақылау журналын жүргізеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға сабақ беретін пән мұғалімдері ПМПК ұсынған анықтама негізінде жұмыс жасайды. (бейімделген/қысқартылған

бағдарламалар, сабақ барысында орындалатын тапсырмаларды және БЖБ/ТЖБ-ны баланың қабілетіне қарай бейімдеу).

« Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) (ары қарай МЖМС);

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен 55-57қосымшалары);

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы);
Денсаулығына байланысты үйде оқытылатын білім алушы Жасұланқызы Нұрсезімге арналған жалпы орта білім берудің оқу жоспары жасалған. Ең жоғарғы оқу жүктемесі -18 сағатты құрайды.
Үйде оқытылатын білім алушы Қалиев Нұрымханға арналған жалпы орта білім берудің оқу жоспары жасалған. Ең жоғарғы оқу жүктемесі -19 сағатты құрайды.

Мектепте инклюзивті білім беру-ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділік үшін жағдайлар жасалған.

Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері –денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларына мұқтаж балалардың қажеттіліктері ескерілді.

Мектепте ерекше білім алушылардың Қалиев Н., Жасұланқызы Н ата-аналарымен бірлесіп, білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес үйде жеке тегін оқытудың типтік оқу жоспары негізінде сабақ кестесі жасалынған.

Ерекше білім беру қажеттіліктеріне сай жиынтық бағалау-анықталған оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді оқып аяқтағаннан кейін өткізілген бағалау түрі қолданылады.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығының 4) тармағына сәйкес үйде оқитын оқушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқитын білім алушылардың (Қалиев Н -11 сынып, Жасұланқызы Н-8 сынып) оқу жүктемесін және олардың оқып-зерделеген оқу материалын ескере отырып, сараланған және/ немесе жеке тапсымаларды әзірлеп отырады.

Пән мұғалімдері алушылардың оқу нәтижелерін бағалау кезінде оқу жетістіктерін бағалаудың критериялды жүйесін қолданылады. Формативті және оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерін бағалау кезінде:

- білім алушылардың оқу материалын игерудегі қиындықтарын анықтайды;
- сол қиындықты жеңу жолдарын қарастырады.
- арнайы оқу бағдарламаларында немесе әр оқушының жеке оқу бағдарламаларында ұсынылған оқу

		<p>мақсаттарына назар аударады;</p> <ul style="list-style-type: none"> • сараланған, жеке бақылау тапсырмаларын пайдаланады; • білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді. • ерекше білім алушылардың тапсырмаларды толық орындауына қосымша уақыт беріледі. <p>Мектеп ата-аналарды инклюзивті білім беру процесіне қоса отырып, білім алушыларды қолдаудың әртүрлі технологиялары мен стратегияларын қолданады. Инклюзивті практикада сыртқы серіктестермен, білім беруді дамытуға мүдделі басқа ұйымдармен тығыз байланыс орнатылған.</p> <p>Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың табысты әлеуметтенуі мен жұмысқа орналасуы мақсатында мектеп білім беру қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру үшін оңтайлы жағдайлар жасауды көздейді.</p> <p>Қортынды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мектепте ерекшебілімберу қажеттіліктерібар балалар үшін олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім алу үшін жағдайлар жасалған. 2. Мектепте ерекшебілімберу қажеттіліктерібарбілімалушылардыбастауыш, негізгіортажәнежалпыортабілімберудің мемлекеттікжалпығаміндетті стандарттарының талаптарынасәйкесоқытукезіндеинклюзивтібілімберуталаптары орындалады.
9.	Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары.	<p>Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:</p> <p>Өзін-өзі бағалау кезінде анықталған кемшіліктер мен ескертулер, шешу жолдары жазылады.</p> <p>Мектепте жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша төмендегідей кемшіліктер анықталды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Зерттеуші-педагогтардың пайызы төмендеп отыр. 2. Соңғы үш жыл ішінде мектепте білім алушылар контингенті азайды. 3. Педагог-зерттеушілердің, педагог-сарапшылардың пайызын арттыру бойынша жұмыс жасау. 4. Оқу-тәрбие процесінде әртүрлі инновациялық әдістерді, әдістер мен формаларды қолдану арқылы мұғалімдердің білім сапасын арттыру жөніндегі жұмысын жандандыру; 5.Білім алушылар контингентін сақтау мақсатында ауыл әкімшілігімен бірігіп жұмыс жасау.
10	Қорытындылар мен ұсыныстар:	<ol style="list-style-type: none"> 1. 2024-2025оқужылының 2-тоқсанынан бастап мектеп педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілді. 2. Әкімшіліктің соңғы 3жыл бойынша курстан өту көрсеткіші-100%. 3. Мектеп педагогтерінің соңғы 3жыл бойынша курстан өту көрсеткіші-100% .

4. 2024–2025 оқу жылдарында білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі оң динамиканы көрсетіп отыр.
5. 2024-2025 оқу жылында үздік көрсеткіштерге қол жеткізген 9-сыныптың 4 оқушысына - Қасым Бағнұр Ерланұлына, Қасым Балнұр Ерланқызына, Асқар Зере Ахметбекқызына, Дулат Жанеля Дулатқызына негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» берілді.
6. 2024-2025 оқу жылында білім сапасы орта есеппен бастауыш сыныпта – 61%, негізгі орта – 64%, жалпы орта – 61% көрсетті. Білім сапасы - 62,5 % -ды құрайды. Үлгерім - 100%.
7. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспары бар және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.
8. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді білуі мен игеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы іске асырылады.
9. Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген МЖМБС талаптары мен бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкес болуы тиіс ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) бастауыш, орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (барлық бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарларымен сабақ кестелерінің көшірмелері қоса беріледі).
10. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері) бекітілген мектептің оқу-жұмыс жоспары негізінде бейінді қоқыту іске асырылды.
11. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру ПМПК қанықтамалары және инклюзивті білім бар білім алушыларды үйде оқыту арқылы жүзеге асырылды.
12. Вариативтік компонентті таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.
13. "Өмір қауіпсіздігі негіздері" және "Жол қозғалысы ережелері" міндетті оқу курстарын зерделеу

